

# ОЙЫЛ

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады.

## ҮЗДІКТЕРДІҢ ҮЛЕСІ - ЕЛЕНГЕН ЕҢБЕК

БҮГІН АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА ӘДЕТТЕГІДЕЙ ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЙІН ӨТТІ. САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАР САҚТАЛА ОТЫРЫП ӨТКІЗІЛГЕН ЖИЙІНДІ АУДАН ӘКІМІ БІР ТОП АЗАМАТҚА МЕРЕКЕЛІК СҢЙ-СІЯПАТЫН ҰСЫНДЫ.



Алдымен 2020 жылдың қорытындысы бойынша аудандық қоғамдық-саяси науқандарға белсене қатысқаны және жастарды отаншылдыққа тәрбиелеуге елеулі үлес қосқаны үшін еңбек ардагері Мұхит Керейұлы, облыстың әлеуметтік саласының дамуына қосқан, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды оңалту бағытында атқарған елеулі еңбегі үшін «Мирас» шаруа қожалығының төрағасы Қуаныш Қыстаубаев пен 2020 жылдың қорытындысы бойынша міндеттерін үлгілі атқарғаны және ұзақ жылғы мемлекеттік қызмет саласындағы абыройлы еңбегі үшін Саралжын ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Берік Бегалинге Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалиннің Алғыс хатын табыстады.

2020 жылғы 22 желтоқсандағы №303 өкімімен Ойыл ауданының «Жыл адамы - 2020» атағына лайық деп танылды. Бұл азаматтарға аудан әкімі арнайы естелік сыйлық пен кеуделеріне төсбелгі тағылды.

«Ойыл ауданы өкімінің 2020 жылғы сыйлығы» ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласына қосқан зор үлесі үшін «Мургагер» шаруа қожалығының басшысы Өркен Ақеділов, аудан аумағында «COVID-19» індетінің алдын-алу жұмыстарына қосқан зор үлесі үшін аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары, полиция майоры Дархан Ғалымжанов пен аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ғарифолла Құбаевтар марапатталса, Волейбол спорты саласындағы жоғары жетістіктері үшін Ө.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің оқушысы Асылхан Жақсылық, сапалы білім беру ісіндегі табысты ұстаздық еңбегі үшін — Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Нұрсәуле Жұмабекова, аудан елді мекендерін орталықтандырылған сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыруда қосқан зор үлесі үшін «Ойыл аудандық тұрғын үй коммунал-

дық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Таңат Нұрымгереев, асыл тұқымды мүйізді ірі қара мал шаруашылығын дамытуға қосқан зор үлесі үшін «Ақ-орын» шаруа қожалығының басшысы Назар Шотановтар да осындай арнаулы сыйлыққа ие болды.

Мемлекеттік бағдарламалардың жоғары деңгейде орындалуын қамтамасыз етіп, ауданымызға демеушілік танытқан бір топ азаматқа алғыс хаты табыстала, ауданның әлеуметтік-экономикалық саласын дамытуға өз үлестерін қосып жүрген азаматтар да назардан тыс қалған жоқ. Олар аудан тұрғындарын зейнетақы және жәрдемақымен қамтамасыз етудегі абыройлы еңбегі үшін «Азаматтарға арналған үкімет» МККЕАҚ Ақтөбе облысы бойынша филиалының әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша Ойыл аудандық бөлімінің басшысы Мұрат Әлжанов, мемлекеттік қызметтегі абыройлы еңбегі үшін аудандық сәулет, қала құрылыс және құрылыс бөлімінің бас маманы Азамат Исмагулов, «Nur Otan» партиясының бағдарламалық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруда және партия мәртебесін көтеріп, қоғамдық пікір қалыптастырудағы қажырлы еңбегі үшін «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының есеп және статистика секторының меңгерушісі Алматы Мусин, ауданды көркейту мен абабандыруға қосқан зор үлесі үшін Ойыл ауылдық округінің әкімі Сәндібек Дәулетқалиев, ауданның мәдениет саласының өркендеуіне қосқан зор үлесі және қоғамдық шаралардағы белсенділігі үшін аудандық мәдениет үйінің директоры Сансызбай Нұржанов, ауданның салық базасын нығайтуға қосқан зор үлесі және мемлекеттік қызметтегі абыройлы еңбегі үшін аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Берік Майланов, ауданның білім саласын дамытуға қосқан зор үлесі және жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі қажырлы еңбегі үшін Ойыл аграрлық колледжінің оқытушысы Сарбиназ Қарасаева, ауданның қаржы саласындағы абыройлы еңбегі үшін аудандық қазынашылық басқармасының басшысы Талғат Рысқалиев және аудан жастарына әскери-патриоттық тәрбие беруге қосқан зор үлесі үшін Ойыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі әулетінің жасақтау бөлімінің бастығы Болат Сатыбалдин.

## АҚТӨБЕДЕ КОРОНАВИРУСТАН САУЫҚҚАНДАР ОҢАЛУ ОРТАЛЫҚТАРЫНДА ЕМ ҚАБЫЛДАУДА

Коронавирус инфекциясынан жазылған 1 мыңнан астам ақтөбелік денсаулығын нығайту мақсатында оңалту орталықтарында ем қабылдауда.

Ақтөбе облысы бойынша коронавирус инфекциясына шалдығып, жазылған адамдар арасында вирусты қайта жұқтыру дерегі тіркелмеді.

«Барлық емханада, Ақтөбе медицина орталығы мен «Дару» оңалту орталығында 1447 адам оңалтуда өтті. Қазір ем жалғасып жатыр. Өр емханада күндізгі стационар бар», - деді Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Рүстем Исаев.

Айта кетейік, Ақтөбеде вирус жұқтырған 3741 адамның 95 пайыздан астамы жазылды.

Ақтөбе облысының бас дерігері қазіргі кезде балалар арасында ішек инфекциясының көбейгенін айтты.

«Осы аптада облыстық клиникалық ауруханаға 79 бала жеткізілді. Оның



ішінде 17 баланың жасы бірге толмаған. Негізі ауру белгісі — іш өту, температура. Ата-анасымен сөйлесу кезінде олардың жеміс-жидекті көп жегені белгілі болды. Бәрінен КВИ сынамасы алынды. Ешқайсынан ауру

белгісі анықталған жоқ. Бір отбасынан бірнеше бала ауырмады. Мұнда ең бастысы - тазалық сақтау», - деді Рүстем Исаев.

Алтынай САҒЫНДЫҚОВА.

## СЕНАТОРЛАР ОЙЫЛДЫҢ БҮГІНГІ КЕЛБЕТІНЕ СҮЙСІНДІ

ЖУЫРДА ОЙЫЛ АУДАНЫНА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ СЕНАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ МҰҚТАР ЖҰМАҒАЗИЕВ ПЕН БАУЫРЖАН ҚАНИЕВТАР КЕЛДІ. АҚТӨБЕНІҢ ҚАЙ АЙМАҒЫНЫҢ ДА ТЫНЫСЫ ТАНЫС СЕНАТОРЛАР ОЙЫЛДАҒЫ САПАРЫН БЕЛГІЛІ МЕЦЕНАТ ТАЛҒАТ САЛФИКОВТЫҢ АУДАНҒА ТАРТУ ӨТКЕН МУЗЫКА МЕКТЕБІНЕН БАСТАДЫ.



Ойылдағы өрелі істерде қолтаңбасы бар кәсіпкер Талғат Маратулы биыл жалпы өлемде қалыптасқан күрделі ахуалға қарамастан, аудандағы тағы бір күрмеулі мәселені шешілуіне қолынан созыды. Яғни, 34 миллион теңгеге аумағы 500 шаршы метр музыка мектебін салып берді. Бұған дейін аядай бөлмелерді сағалап келген Ойылдың жас өнерпаздарын даярлап жүрген мамандардың қуанышына ортақтасқан сенаторлар мектептің еңбек ұжымымен кездесіп, онда Мұқтар Сабырұлы өткен жылы қабылданған 110 заңның негізгі бөлігі халықтың әуелметтік жағдайын жақсартуға бағытталғанын жеткізді. Соңынан жас өнерпаздармен тілдесті.

Одан соң Мұқтар Сабырұлы мен Бауыржан Нуралыұлы Ойыл аудандық орталық ауруханасының ұжымымен кездесті. Дүниені дұр сілкіндірген дертпен күрестің алғы шебінде болған дәрігерлер қауымына алғыс айта отырып сенат депутаттары оларды бүгінгі күннің батырларына балады. Дәрігерлер де өздерін толғандыраған сауалдарын жолдады. Әсіресе, жас мамандарды ауылға тұрақтандыру мәселесі толғандырады. Сондықтан, ауданда жолдамамен келіп қызмет етіп жатқан жас дәрігерлер өздерінің ойларымен бөлісіп, ұсыныстарын жеткізді. Мәселен, дәрігер-хирург Бағдат Нұрәулетұлы жас дәрігерлердің уақыт қажеттілігіне орай қосымша мамандықтарды игеру мен ауылдық жерлер-

де еңбек ететін дәрігерлерге басымдықтар берілуі керектігін айтты. Аудандағы жұмыс сапарын Сарбие ауылдық округінде жалғастырып сенаторлар ауылдағы әлеуметтік нысандарда болып, мұғалімдермен кездесіп, былтыр ғана күрделі жөндеуден өтіп, заманауи үлгіде жабдықталған дәрігерлік амбулаторияны да өз кездерімен көрді. Ауыл тұрғындары болса, негізінен жол қатынасы мен көгілдір отын мәселесін жеткізді.

Ал, Ойылдағы «Жылыжай» жұмысына өз ризашылықтарын білдірді. Мемлекеттен бес миллион теңге несиесі алып, өз қолдарымен тұрғызған жылыжай иесі Миржан Құлбаев пен Сапура Мырзағалиевалар аудан халқына қысы-жазы көкөніс ұсынатын отыр. Сапарының соңында Сенат депутаттары ауданның Саралжын ауылдық округінде орналасқан «Тәжібай-АГРО» ЖШС-нің тынысымен танысты.

**Р.С. Ақтөбе облысының бірнеше ауданында әкім болған екі сенатор да халықпен емен-жарқын тілқесіп, ашық әңгімелесті. Ойылға өзі қызмет еткен он жылдан кейін келген Мұқтар Жұмағазиев сол аралықта атқарылған істерге, халықтың тұрмысына шын мәнісіне сенді.**

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ, Ойыл селосы.

## АРХИВ — ӨТКЕННІҢ МҰРАСЫ

Сан ғасырлар артта қалғанымен тарих таразысы салмақтап, салдары мен сардарын ертеңге мұра етіп қалдыратын мұрағатта сақталатын құжаттар. Біз өдетте сарғайып кеткен ғұзат қиындыларын үйімізде сақтап, олардың уақыт өте тозатынын көріп жүрміз. Қағаз тоза, оның жазылған сырлары көмескі тартып қалары хақ. Міне, мұрағат, яғни архив деп келген ертеннің бізге жеткен тарихи сақтау-дың, келер ұрпаққа жеткізудің қаншалықты қажеттігі осыдан-ақ аңғарылады. Сондықтан да біздің Үкімет архивтің маңыздылығын біліп, 22 желтоқсан архиварустрар күні етіп белгілеген екен. Өңгіме мерекенің маңыздылығында өкенін көзі ашық, көкірегі ояу кез-келген адам аңғарады.

Жақында ғана ҚР мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова ханымның облысымызға ат басын тіреуінің, аудандарда болуы мәдениеттің көусар бұлағының көзін ашқандай өсер етті. Осы орайда министр ханым мұрағат мәселесін жақсарту бағытында да келелі өңгіме жоқпағанын көңілге жылытып ұлағаттады. Архив деп атақ беріп, өрімдік өрлеп, құжаттарды жөндеп, бұрынғы жасырын мұрағаттарды аршы бастағаны-

мыз ертеректе болғанымен, тәуелсіздік туғалы тақырып аясы кеңейіп түскен-ді. Біздің нағыз тарих көмбесі көмескі тартып, тіпті бұрмаланып кеткенін енді біліп жатырмыз. Міне, сондықтан да жоғарыда айтқандай, мұрағатта құжаттарымызды сақтай білудің, болашақ ұрпаққа жеткізе білудің кілті ашылды. Ол — алдымен мұрағат орналасатын орындар белгілеп, оны сарғайтпай сақтаудың сарабал саясатын ұстану, жетілдіру, қазіргі заманға сай етіп ұстау.

Алдымен керегі заманауи ғимарат және алдыңғы қатарлы техникалар мен технологиялық үрдіс. Сонда ғана патшалық Ресейдің қазақ мұрағатын жок еткен саясатын бергі өз ізіне түсіре алар едік. Жетілген елдерде, мысалы АҚШ-та, Ұлыбританияда мұрағат мәселесі қатты жолға қойылған. Көптеген қазақ тарихының мағлұматтары сол шет елдерден табылып жатқаны осының айғағы. Біз мерке ретінде тойлануы өтудің осы іске Ел Президентінің, Республика Үкіметінің бетбұрысын анық аңғарып, ризашылығымызды білдіреміз.

Асқар ПАНГЕРЕЕВ, Ойыл аудандық архив бөлімінің меңгерушісі.

**Nur Otan**

Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!

2025 жылға қарай ЭЛЕКТРОНДЫҚ ФОРМАТТА ҰСЫНЫЛАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ 90% ЖӘНЕ "БІР ТЕРЕЗЕ" ҚАҒИДАТЫ БОЙЫНША 100% ЖЕТКІЗУГЕ ЫҚПАЛ ЕТЕМІЗ.

**Nur Otan**

Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!

Ойыл ауданында қысқы спорт түрлерін дамыту үшін 13 ауылда хоккей корттарын орнатамыз









ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2021 ЖЫЛДЫҢ І - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.А.Ж. лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік органның орналасқан жері, Байланыс телефоны. Contains schedule for January 2021.

2021 ЖЫЛДЫҢ І - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.А.Ж. лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік органның орналасқан жері, Байланыс телефоны. Lists meetings for district deputies and administration head.

2021 ЖЫЛДЫҢ І - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК ЖОСПАРЛАУ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, Байланыс телефоны. Meeting schedule for the district economic and budget department.

«Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда, төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны нөмірі 2-11-54, сонымен қатар, бөлімде ұсыныс-пікір салу үшін сенім жөшігі орналасқан.

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» ММ-НІҢ 2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Бөлім басшысының аты-жөні, тегі, Қызметі, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, Байланыс телефоны. Meeting schedule for the district land relations department.

«Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 2-18-80 нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс – пікір салу үшін жөшік орнатылған.

2021 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, Байланыс телефоны. Meeting schedule for district deputies.

«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 2-10-20 нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс – пікір салу үшін жөшік орнатылған.

2021 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Жергілікті атқарушы органның атауы, Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, Байланыс телефоны. Meeting schedule for district deputies.

«Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефонының нөмірі 74-8-14. Сонымен қатар өкімшілік ғимаратында ұсыныс – пікір салу үшін сенім жөшігі орнатылған.

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2021 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, Байланыс телефоны. Meeting schedule for district deputies.

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 74-145, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жөшік орнатылған.

Саунау 2021

ҮГІТ-НАСИХАТ НАУҚАНЫ АЯСЫНДА «АҚ ЖОЛДЫҢ» «ПОЛЕМИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКА» ЖИНАҒЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

7 ҚАҢТАР КҮНІ «АҚ ЖОЛДЫҢ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШТАБЫНДА «ПОЛЕМИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКА» ЖИНАҒЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ.

«Ақ жол» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2016 жылғы жұмысы, оның парламенттік фракциясының қызметі туралы материалдар жинағы «Ақ жол» партиясының үгіт-насихат науқаны аясында екі мәлімен тұратын жинақ ретінде жарық көрді. Жинақта «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашевтің сөйлеген сөздерінің, жарияланымдарының авторлық мәтіндері, фракцияның депутаттық сауалдары қамтылған.

«Ақ жол» партиясы мен оның көшбасшысының нарықтық экономиканы дамыту және жеке бизнестің мүдделерін қорғау жөніндегі қызметі басты назарда. Сонымен бірге, олар Тәуелсіздікті нығайту және демократиялық институттар арқылы ұлттық



мүдделерді дамыту міндеттеріне бағынады.


Жинақта «Ақ жол» партиясының негізгі бағдарламалық бағыттарына жеке-жеке тоқталып өтілген: кәсіпкер-

лікті қолдау, қазақстандық қоғамды демократияландыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және т.б.

Сонымен қатар, көтерілген мәселелер бойынша оң нәтижелер бар, ал кейбір мәселелер жұмысты жалғастыруды талап етеді.

«Ақ жол» фракциясы жұмысының қорытындысы бойынша бесінші шақырылымда жарияланған осындай жинаққа қарағанда, бұл жолғы шығарылып отырған басылымда материалдар 2 есе көп. Бұл фракцияның 6 шақырылымдағы ерекше белсенділігін көрсетеді. Кітап біздің болашақ жұмысымызда да жақсы көмекші болатынына сенімдіміз, – деп Азат Перуашев шара барысында атап өтті.

«Полемикалық экономика» жинағы экономистер мен саясаттанушыларға, қазіргі Қазақстанның мемлекеттік және экономикалық құрылыс үрдістеріне, сондай-ақ еліміздің бүгін мен болашағы туралы пікірталастарға қызығушылық танытатын әрбір адамға қызықты болады.



«АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ҮГІТ-НАСИХАТ ТОБЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ ЕРЛАН БАРЛЫБАЕВ, МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР АЛМАЗ БАДАШЕВ, ПАРТИЯНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ СЕРІК МЕРҒАЛИЕВ БАСТАҒАН «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ҮГІТ-НАСИХАТ ТОБЫ ОРАЛ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «БОЛАШАҚ-Т» КӘСІПОРНЫНЫҢ ЕҢБЕК ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ. КӘСІПОРЫН 1998 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛҒАН, МОНОЛИТТІ ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРДАН КӨП ҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР, ҒИМАРАТТАР, МЕКТЕПТЕР, БАЛАБАҚШАЛАР САЛАДЫ.

Шара барысында «Ақ жол» партиясының сайлауалды бағдарламасы таныстырылды. Бағдарламадағы басты бағыттар – қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыру, экономиканы жаңа деңгейге шығару, кәсіпкерлікті қолдау, сондай-ақ білім беру жүйесін реформалау.

Кәсіпкерлікті қолдау экономикалық өлеуетті дамытудың құралы ретінде ғана емес, ең алдымен жұмыссыздық мәселесін шешудің, жаңа жұмыс орындарын ашудың және қазақстандықтарды табыс көздерімен қамтамасыз етудің басты құралы ретіндегі маңызы зор. Біз саяси реформалар жүргізілмейінше экономикадағы өзгерістер болуы мүмкін еместігіне көзіміз жеткіздік. Бұл саясаттың және экономиканың монополиялануы мен мемлекет иелігінде қалуымен қатысты болып тұр. Бірақ, өз кезегінде, экономикалық қолдау болмаса, либералдық саяси реформалар ұрандар ғана болып қалмақшы. Сондықтан экономикалық реформалар саяси реформалардың материалдық мазмұны ретінде қажет – деді Ерлан Барлыбаев. Мұнан соң үгіт-насихат тобы «Орал кабель» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болды. Партия өкілдері жұмысшылармен кездесуде сайлауалды бағдарламасымен таныстырып, алдағы жоспарлары туралы айтты. Олар ұжы-



мының өлеуметтік жағдайын сұрап, өндіріс барысын аралап шықты. Кездесуде жұмыссыздықпен күрес, кәсіпкерлікті қолдау, өлеуметтік мәселелер көтерілді. Сәйкесінде, кәсіптегі кез келген проблеманы оңтайлы шешіп, өндірісті тоқтатпаудың жолдарын арттыру партияның басты мақсаты екені айтылды. «Ақ жол» демократиялық партиясы бизнесті қорғау, кәсіпкерлікке жалпы сипаттама беру, нарықтық қатынасты дамыту және өндірістік экономиканы құруды қолдайды. Бұдан басқа, демократтар бағдарламасында жұмыспен қамту жүйесін дамыту, қоғамның жалпы еңбекпен қамтылуын қамтамасыз ету кіреді.

Партия өкілдерінің айтуынша, «Ақ жол» демократиялық партиясы прогрессивті дамудың жақтаушысы. Олар экономиканы нығайту, нарықтық және бәсекелестік қағидаларды дамыту бағытында жұмыс жасамақ. Партия алға қойған мақсатқа жету үшін жаңа мүмкіндіктерді құру бағдарламасын ұсынуда.

Сондай-ақ, үгіт-насихат тобы «City Center» ойын сауық орталығының

жалға алушыларымен кездесті. Жиын барысында «Ақ жол» партиясының сайлауалды бағдарламасы таныстырылды.

Өлеуметтік әділеттілік – партияның сайлауалды бағдарламасының басым бағыттарының бірі. «Ақжолдықтар» ел азаматтарына деген қамқорлық медицина, білім беру, тұрғын үй және лайықты жұмыстың қолжетімділігімен айқындалады деген ұстанымда. Өлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету үшін партия несие алуға халыққа бірқатар жеңілдік жасалуы керек деп есептейді. Атап айтқанда, ипотека, тұтыну тауарлары үшін, шағын және орта бизнес пен халықтың тұтыну қажеттіліктері несиелерінің пайыздық мөлшерлемелерін 7-8% – дан аспайтындей етіп бекуі қажет. Оған қоса халық жинақтарын ұқыпты ұстау үшін БЖЗҚ, өлеуметтік және медициналық сақтандыру қоры қызметінің ашықтығы да қамтамасыз етілуі керек.

Еңбек ұжымдары «Ақ жолдың» бастамаларына қолдау білдіріп, демократиялық партия ұсынған өзгерістердің дер кезінде және қажет екенін атап өтті.

2021 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, Байланыс телефоны. Meeting schedule for district deputies.

2021 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА Ш. БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, Байланыс телефоны. Meeting schedule for district deputies.

«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілері анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 37 – 5 – 34 нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс – пікір салу үшін жөшік орнатылған.

Саунау 2021

#BIZBIRGEMIZ

**ҚИЫНДЫҚТЫ ЕҢСЕРІП ЖЕҢІСКЕ БІРГЕ ЖЕТЕМІЗ!**

---

**ЖАҢА ЕТ ЦЕХЫ АШЫЛАДЫ**

Ойыл ауылында қуаты тәулігіне  
50 кг ет өңдеу цехының ашамыз

**БОРДАҚЫЛАУ АЛАҢЫ САЛЫНАДЫ**

Қуаттылығы жылына 1000 бас  
ІҚМ бордақылау алаңын салу

**ЖЫЛЫЖАҰ КЕШЕНІН САЛАМЫЗ**

Ойыл ауылында қуаттылығы жылына 3,6 тонна  
көкөніс жылыжай кешенін салу!

---

**10 ҚАҢТАРДА**

NUR OTAN-ға ДАУЫС БЕРІ  
ГОЛОСУЙ за NUR OTANI!

**АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРЫП,  
АЗЫҚ - ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕМІЗ!**

«NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ САЙЛАУ ҚОРЫ ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН ТӨЛЕНДІ

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЦИФРАНДЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ ҚАНДАЙ?**



Ауыл шаруашылығы министрлігі мәліметінше, 2020 жылдың 11 айында 8 құс фабрикасы, сондай-ақ үйрек пен қаз өсіретін екі ферма іске қосылды. Былтыр сүт өндіру бағытында 13 мың бас малды қамтитын 18 сүт-тауарлы ферма пайдалануға берілді. Мұнымен қоса, 3,2 мың бас малы бар 30 отбасылық сүт-тауарлы ферма жұмысын бастады.

Жапонияға жылқы етін экспорттауға ветеринарлық сертификат келісілді. Қазіргі кезде Жапония Қазақстандағы 34 кәсіпорыннан жылқы етін алуға уағдаласты. Ал сүт пен сүт өнімдерін өндіретін 6 қазақстандық кәсіпорын Қытай нарығына өнім жеткізеді. Мемлекет тарапынан инвестициялық субсидияны төлеу түрінде агроөнеркәсіптік кешен субьекттерінің қолдау қарастырылған. Осы орайда инвестициялық салымдар кезінде шығындарды (25%) ішінара өтеу ескерілген. Пандемияға байланысты өлемдік процестерге қарамастан, инвестициялық субсидиялау бағдарламасы бойынша қаржыландырудың жыл сайын өсуі қарқыны байқалып отыр. 2019 жылы бұл мақсатқа республикалық бюджет қаражатынан 107,6 млрд теңге, 2020 жылы 112,3 млрд теңге бөлінді. Инвестициялық субсидиялау көлемінің артуы субсидия алуға келіп түскен өтімдер санының өсуіне алып келді. Осы орайда 2019 жылы 22,7 мың өтім болса, былтыр 26,2 мыңға дейін жетті. 2020 жылғы 11 айда ауыл шаруашылығындағы инвестициялар 4,7 пайызға артып, 454 млрд теңгені құрады. Сонымен қатар, азық-түлік өндіруге бағытталған инвестиция 18,6 пайызға жоғарылап, 86,5 млрд теңгеге жетті. Ауыл шаруашылығын цифрландыру Ауыл шаруашылығы жануарларын идентификациялау жүйесінде 35 млн-нан астам жануар тіркелген. Осы бағытта 4,5 мың ветеринар маман жұмыс істеп жатыр. Ал Plern.kz сараптамалық жүйесінде мал шаруашылығындағы селекциялық және мал тұқымын

**НОТАРИАТТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕР ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**



Нотариаттық қызмет – бұл нотариустың заңнамалық актілерінде көзделген нотариаттық іс-әрекеттерді жасауы. Заңда белгіленген жағдайларда және шектерде жекелеген нотариаттық іс-әрекеттерді арнайы уәкілетті лауазымды адамдар жасай алады. Атап айтқанда, елді мекенде нотариус болмаған жағдайда аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің өкімі аппаратының нотариаттық іс-әрекеттерді жасауға уәкілетті лауазымды адамы келесідей нотариаттық іс-әрекеттер жасайды: өсиеттерді куәландырады; сенімхаттарды куәландырады; құжаттар көшірмелерінің және олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландырады; өтініштерге қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландырады.

Нотариаттық іс-әрекеттер жасау үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген ставкалар бойынша мемлекеттік баж алынады және ол айылық есептік көрсеткішке сәйкес алынады. 2021 жылғы айлық есептік көрсеткіш 2917 теңгені құрайтындықтан ескерсек, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ өкімі аппаратының лауазымды адамы жасайтын нотариаттық іс-әрекеттерді куәландыру үшін өндірілетін мемлекеттік баж салығының мөлшері келесідей есептеледі:

- Сенімхаттарды куәландыру – 100%
- мүлкті пайдалану мен иелену құқығына сенімхаттарды куәландыру – 50%
- сату құқығынсыз автокөлік құралдарын пайдалану және басқару құқығына сенімхаттарды куәландыру - 100%
- автокөлік құралдарын сатуға, сыйға тартуға, айырбастауға сенімхаттарды куәландыру - 200%
- жеке тұлғалар үшін – 10%;
- заңды тұлғалар үшін – 50 %.
- Құжаттардың көшірмесі мен құжаттардың үзінді көшірмесінің растығын куәландыру (әр бетіне):
- а) жеке тұлғалар үшін – 5%;
- б) заңды тұлғалар үшін – 10 %;
- Құжаттардағы қойылған қолдың, сондай-ақ құжаттардың бір тілден басқа тілге аудармасының дұрыстығын куәландыру (әрбір құжат үшін):
- а) жеке тұлғалар үшін – 3%;

б) заңды тұлғалар үшін – 10 %

Нотариаттық әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден мыналар босатылады:

Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз ескери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградалған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз ескери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградалмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің, мүгедек баланың ата-анасының бірі - барлық нотариаттық іс-әрекеттер бойынша; «Батыр Ана» атағына ие болған, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградалған көп балалы аналар - барлық нотариаттық әрекеттер бойынша; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қорғаншылық тағайындалған созылмалы жүйке ауруымен ауыратын жеке тұлғалар - өздерінің мүлікке мұрагерлігі туралы куәліктер алғаны үшін.

Нотариус пен аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің өкімі аппаратының лауазымды өз атына және өз атынан, өз жұбайының, оның және өз туыстарының (ата-аналары, балалары, аға-інілері, апа-сіңірлері, немерелері, атасы, әжесі) атына және олардың атынан нотариаттық іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ. Аталған реттердегі нотариаттық іс-әрекеттерді кез келген басқа нотариус жасайды. Белгіленген ережелерді бұза отырып жасалған нотариаттық іс-әрекеттер жарамсыз болып табылады. Қазіргі таңда Ойыл ауданы бойынша 7 ауылдық округ болса, оның ішінде 6 ауылдық округінің өкімдері нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті.

**А.ЕСЕНАМАНҚЫЗЫ,**  
**Ойыл ауданаралық әділет басқармасының бас маманы.**

Білім жүреуік!

**ЕТ ПЕ, БЕШБАРМАҚ ПА?**

Қазақ халқы – көшпелі халық. Олардың ең негізгі асы еттен жасалады. Ұлттық тағамдары да еттен жасалған өнімдерге бай. Соңғы уақытта осы ұлттық асымызды «бесбармақ, бешбармақ» деп атап жүргендер көбейіп кетті. Тіпті, өлең жолдарында, өн шумақтарында кездесе бастады. Шындығына келгенде, осы атаулар дұрыс па?



Ғалым А.Фазылжанова «Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде ол тағамның аты «Ет» деп аталады. Ет асайық, еттің наны дейді, еттің сорпасы дейді, бешбармақтың сорпасы, бешбармақтың наны деп айтады» деп пікір білдірген.

Оның айтуынша, орыстілді ортада көп жүрген қазақтар қолданады. Қазақи ортада өзінің атадан келе жатқан асын ешбір қазақ «Бешбармақ» деп атамайды.

Сондай-ақ, ғалым «бешбармақ» сөзіне қатысты мынадай пікір білдіреді: «Бұл мынау алғаш қазақ жеріне қоныс тепкен орыс ұлт өкілдерінің арасында қазақтардың бес саусағын малып, етті қолмен жел жатқанын көреді ғой. Сонда қонақ болып отырады. Сол кезде қазақтар айтады: «Же, же, мына бес саусағыңмен же», - дейді. Олар өдеттегідей қасыққа жүгірген кезде айтқан сөзі. Содан барып «Бешбармақ» боп, «Бесбармақ» боп кеткен. Этимологиясын осылай түсіндіретін де адамдар бар. Мен сол этимологияны түсіндірген кісілерді қолдаймын. Қазақтар өзінің ешқашан дәстүрлі, ең құрметті асын «Бешбармақ» деп атамаған. Сондықтан мынау қазақи ортаға келген кезде осы сөзді айтпаған абзал.

Бұл – орыс мәдениеті тұрғысынан біздің ұлттық асымызға берген атауы. Тілімізде осындай құбылыстар жиі кездеседі. Қазақта «Ет асу», «Еттің наны, еттің сорпасы» деп айтылады. Сондықтан ұлттық асымыздың атауын дұрыс қолдануымыз керек.

**ЕСКЕ АЛУ**



**Ойыл ауданы**  
**Есен Бақтыгереев**  
**(01.01.1962 ж - 11.07.2019 ж)**

Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары өмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті... «Тумақ бар жерде, өлмек те бар» дейді шарифат сөзі. Шіркін бәрі орнымен, бәрі ретімен келсе – өкініштің өзені тасып қайғының қара жаңбыры жаумас еді ғой.

Кеше ғана арамызда күліп – ойнап, жарқылдап жүрген Есен құдамыздан көз жазып қалғанымызға да бір жылдан асты. Бір қанатымыз қайрылды. Өлім түгілі өкпеге қимайтын құдамыз жайлы ендігі жерде тек естелік айтамыз деп кім ойлаған?

Жатқан жеріңіз жайлы жайлы болсын! – дегеннен басқа амал жоқ.

*Еске алушылар құдасы Базар, құда балалары.*

**Ойыл селосы**  
**Гайсина Бибіш Садыққызы**  
**(12.01.1936ж-12.04.2020ж)**

Қалайсыз мама... Сіз жақта бәрі жақсы ма... Қыс жетіп, аппақ ақ ұлпа қар басты ма?! Періште сынды мейірбан едің тірлікте, Қуанып жұмақ... Қақпасын сізге ашты ма...?!

Солай ғой мама... Үйіңнің кетті күйі шын, Өзіңді іздеп шарқ ұрам кейде үй ішін. Орамалыңды құшақтап жатып ұйқтаймын, Жұмақтан жетіп жатқандай ғажап иісін. Сағыныш, аңсау... Санамда сансыз арбасты, Күндерге-тундер, айларға- айлар жалғасты. Іздің іздеп, бақшаны кезіп жүруші ем, Өтпеген- ай өтпеген... Оны да мынау қар басты...!

*Еске алушылар: Гулзат, Гулбаршың*

**Ойыл селосы**  
**Ақырыс Төреғалиева**  
**(28.12.1955 ж -28.03.2013 ж)**

Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып, Ел айтады, жұрт айтады жарысып. Көпшіліктен алған алғыс, сауабың, Жатқан шығар, рухыңменен қауышып. Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда, Көнеміз ғой тағдырдың салғанына. Көзімізге ып-ыстық жас келеді, Ана, өзінді сағынып, Еске алғанда! Бейтеректей әулетке сая болған, Бәрінен де мейірімін аямаған. Жәннатта жаның болсын, рухың биік, Өзіңдей қайда бізге аяулы адам. Жалғап ескен ағайынның арасын, Қайран Ана, бір төбе дарасың. Тірі болса артыңдағы ұрпағың, Анашым, мәңгі есте қаласың!

*Еске алушылар жолдасы Базар, бала-келіндері, қыз-күйеу балалары, немерелері мен жиендері.*



Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі мен аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі Қойбағарова Құралай Махатқызына анасы

**Марияның**

қайтыс болуына байланысты ағайын, тума-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухананың ұжымы және кәсіподақ ұйымы Қойбағаровтар әулетіне аяулы анасы

**Марияның**

қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ойыл балалар - жасөспірімдер спорт мектебі» және кәсіподақ ұйымы Қойбағаровтар отбасына анасы

**Марияның**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Шөрбану Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназия директоры Ұлықпанова Роза Сәуірбайқызына анасы

**Қарашаш Ідрісқызының**

қайтыс болуына байланысты, ағайын, тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Сұқашевтар әулетінің аяулы апасы

**Сұқашева Қарашаш Ідрісқызының,**  
**Әленов Бекқалидың**

қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров  
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат  
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірінмен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1601 дана. Тапсырыс №25 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің**  
**Баспаханасында басылды.**

**Ақтөбе қаласы, Ө. Смағұлов көшесі 9/2.**  
**Басылу сапасы жөнінде 400-400**  
**телефонына хабарласуға болады.**

